

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мәртөк аудандық білім бөлімі» ММ-нің №6 «Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының өзін-өзін қайта аттестаттаудан өткізілуі туралы

АНЫҚТАМА

Ақтөбе облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025жылғы 20-27 тамыз аралығында жүргізілген мемлекеттік аттестаттау қорытындысы негізінде анықталған кемшіліктерді жою жұмыстары жүргізіліп жойылды.

Атап айтқанда, №6 «Қарлығаш» бөбекжай-бақшаның 2025-2026 оқу жылының штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 21 шілдедегі №224 бұйрығына сәйкес құрылды және бекітілді.

Үлгілік қағиданың 24 тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты арттыруы (растауы) тиіс» талабына сәйкес бөбекжай-бақшасының тәрбиешілері 2025 жылдың 14 шілдеде А.Жаймағамбетова , Д. Исабаева , Г. Абдуллина «педагог-модератор» санатына ие болып, тиісті куәліктерін алды.

Тәрбиеші А . Ракишева «педагог-модератор» санатына өтініш берген деңгейден төмен балл жинағанына байланысты «педагог» санатына ие болды.

№6 «Қарлығаш» бөбекжай-бақшаның меңгерушісі:  Амандықова С.А.

